

**6D110200 – қоғамдық денсаулық сақтау**

**мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін ізденетін  
«Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру  
көмегін ұйымдастыруды жетілдіру»**

**диссертациялық жұмысын ұсынушы диссертант**

**Абдикадыр Мақсаттың ғылыми көңесшінің**

**ПІКІРІ**

Мақсат Абдикадыр «Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы барысында қарастырылып отырған мәселе бойынша ғылыми-әдеби көздердің үлкен көлемін талдап, зерттеу әдістемесін жан-жақты менгеріп, церебралды сал ауруымен ауыратын балалардың медициналық-әлеуметтік сипаты мен қалпына келтіру көмегіне мұқтаждығын анықтап, осы көмек түрін ұйымдастыру көлемін арттыруда аса ғылыми-тәжірибелік үлесін қосып отыр.

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың халыққа жолдауындағы церебральды салмен ауырытын балаларды медициналық және әлеуметтік қолдауды жаксарту міндетін қоюмен қатар, кіші және орта деңгейдегі реабилитациялық орталықтардың жұмыс жасауын ынталдыру қажеттігімен тұспа-тұс атқарылған. Мақсат Абдикадырдың ғылыми жұмысының қоғамдық денсаулық сақтау міндеттерін шешуде теориялық-әдістемелік және тәжірибелік маңызды екендігі айқын.

М.Абдикадырдың диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары отандық және халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланған.

Ғылыми жұмыстың аса маңызды нәтижелері Scopus наукометриялық мәліметтер базасында индексацияланатын, импакт-факторлы халықаралық журналда, сонымен қатар ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған көздерде жарияланған.

Мақсат Абдикадырдың «Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбын тандауы кездессоқтық емес. Осы салада атқарылған еңбегі мен церебралды сал ауруымен балаларға қалпына келтіру көмегін көрсетудегі мол тәжірибесі тақырыпты логикалық құрылымдал зерттеулің мақсат, міндеттерін толығымен орындауға негіз болды.

Диссертант ғылыми жұмысты орындау барысында өзін жұмыска жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіруші сауатты маман ретінде көрсете білді. Ғылыми нәтижелерді қорытуда тәжірибемен үштастыра отырып еңбексүйгіштік пен мақсатқа үмтүлу танытты.

Мақсат Абдикадырдың диссертациялық жұмысының нәтижелерінің ғылыми-тәжірибелік маңызы церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға

қалпына келтіру көмегін көрсететін басқа да орталықтар мен мекемелер практикасында қолдануға ұсынылуымен негізделеді. Денсаулық сақтау тәжірибесіне ұсынылған интегративті кешенді үлгісі дәстүрлік церебралды сал аурушылдығында қалпына келтіру көмегін көрсету жүйесімен ұштасады. Мамандардың әлеуметтік-медициналық оналтудағы кешенді көмегінің ролі пациент отбасын қолдауда да әсерлі.

Ұсынылатын кешенді қалпына келтіру көмегін жетілдіру үлгісіне авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы 2021 ж. 9 маусымында № 18566 Куәлік алғынған. Үлгінің жұмыс жасау қағидаттары церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға кешенді көмек беруге қатысатын мультитәртіпті мамандар тобының жұмысында қолданыла отырып, әлеуметтік-медициналық мұқтаждары негізінде пациентке бағытталған көмекті оптимизациялауға мүмкіндік береді.

Берілген үлгіге сәйкес церебралды сал ауруы кезіндегі қалпына келтіру көмегінің қағидаттары респубикалық қоғамдық мекемелер мен реабилитациялық орталықтардың жұмыс тәжірибесіне, автормен, алғаш енгізіліп, онтайлы пікірлер қалдырылды. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері әлеуметтік әлсіз топтар мен денсаулық сақтау практикасының өзара әрекеттестігінің тиімділігін арттыратыны күмән тудырмайды.

Мақсат Абдикадырдың диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпқа – церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіруге әрі осындағы аурушылдықпен балаларды тәрбиелеуші отбасылардың әлеуметтік-гигиеналық сипаттын, мұқтаждары мен көмек тиімділігін бағалауға арналған толығымен аяқталған ғылыми зерттеу. Жұмыс денсаулық сақтау практикасына жаңа, тиімді және пациентке бағытталған көмек түрін іздену мен жетілдірудегі тәжірибелік маңызымен ерекшеленеді.

М.Абдикадырдың жұмысы ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңызы бойынша PhD философия докторы дәрежесін іздену диссертацияларына қойылатын талаптарға толығымен сәйкес, ал жұмыстың авторы денсаулық сақтау міндеттерін шешуге құзырлы ғылыми қызметкер ретінде ізденетін дәрежені тағайындауға лайық деп танылады.

## Ғылыми көңесші

«Қоғамдық денсаулық сақтау  
жоғарғы мектебі» ҚМУ профессоры,  
медицина ғылымдарының докторы



Кульжанов М.К.